

## Ақтөбе облысы бойынша 2024 жылға арналған тұқым шаруашылығын дамытуға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2024 жылғы 21 ақпандағы № 44 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 26 ақпанда № 8520 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 тіркелген) бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысы бойынша 2024 жылға арналған тұқым шаруашылығын дамытуға субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*А. Шахаров*

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2024 жылғы 21 ақпандағы  
№ 44 қаулысына қосымша

## Ақтөбе облысы бойынша 2024 жылға арналған тұқым шаруашылығын дамытуға субсидиялар көлемдері

бюджет түрі	барлық қажеттілігі, мың тенге	оның ішінде, мың тенге				
		бірегей тұқымдар	элиталық тұқымдар	бірінші репродукция тұқымдары	бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары	элиталық көшеттер
жергілікті	250 000	654	43 076	33 503	144 694	28 073
барлығы	250 000	654	43 076	33 503	144 694	28 073